

Өсімдік шаруашылығы өнімінің өндірісін қолдау және рыногын дамыту шеңберінде 2005 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 52 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының қарыз алушыға 2005 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға ақшалай қаражат беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 ж ы л ғ ы 24 қ а ң т а р д а ғ ы N 52

қаулысымен бекітілген

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының қарыз алушыға 2005 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға ақшалай қаражат беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының қарыз алушыға көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ақшалай қаражат (бұдан әрі - қаржыландыру) берудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Корпорация - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамы; камтамасыз ету - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі немесе Корпорация белгілейтін ұйым берген міндеттемелерді орындау кепілдігі;

қарыз алушы - ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестігі.

2. Қаржыландыру тәртібі және шарттары

3. Қаржыландыру көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қарыз алушыға мақсатты қарыз (бұдан әрі - қарыз) беру жолымен не Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысымен бекітілген Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу ережесінде белгіленген тәртіппен көктемгі-жазғы қаржыландыру жолымен қайтарымдылық, мерзімділік және қамтамасыз етушілік шарттарында Корпорацияның ақшалай қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) әр облыс үшін қаржыландыру сомасын және Қазақстан Республикасында өндіру үшін басымдықты ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынымдық тізбесін айқындайды.

5. Корпорация қаржыландыруды жүзеге асыру үшін мерзімді баспасөз басылымдарында хабарландырулар жариялауды қамтамасыз етеді, оларда Корпорацияның атауы мен орналасқан жері, қарыз алушылардың өтінімдерді беру мерзімі және орны, сондай-ақ Корпорация айқындайтын басқа да қажетті ақпарат көрсетіледі.

6. Қарыз алушылар қарыз алу үшін облыс әкімінің шешімімен облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарының басшылығымен облыстық: ауыл шаруашылығы, жер ресурстары, қаржылық бақылау және статистика жөніндегі уәкілетті органдардың өкілдері құрамында әр облыста құрылған тиісті жұмыс тобына (бұдан әрі - жұмыс тобы) мынадай құжаттардан тұратын өтінім береді:

осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

қарыз алушыға кепілдік беретіндігі туралы кепілгердің ниет-хаты;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық төлеуші куәлігінің және статистикалық карточкасының, не кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың көшірмелері (шарт жасасу үшін азаматтық құқық қабілетінің бар екендігін растау үшін);

қосылған құн салығы бойынша есепке тұрғаны туралы куәліктің көшірмесі, не салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілген және қарыз алушы бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатынын және қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтынын растайтын салық қызметі органының анықтамасы.

Қарыз алушылар растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, өздері туралы басқа да қосымша ақпарат беруі мүмкін.

7. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аттестатталған жеке немесе заңды тұлға болып табылатын қарыз алушылардың өтінімдерін жұмыс тобы басым тәртіппен қарайды.

8. Жұмыс тобы:

облыста өндіру үшін басымдықты ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынымдық тізбесіне сәйкес әр облыс үшін Ауылшармині белгілеген сома шегінде, жұмыс тобының

басшысы бекітетін қаржыландыру сомасын бөледі;

қажет болған жағдайда бір ауыл шаруашылығы дақылдарынан басқа ауыл шаруашылығы дақылдары түрлеріне қаражатты қайта бөлуді жүргізеді;

ұсынылған өтінімнің толықтығын және дұрыстығын тексереді;

қарыздардың талап етілетін сомалары мен өндіруге қарыз талап етілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының атауларын көрсете отырып, қарыз алушылардың тізбесін

ж а с а й д ы ;

қарыз алушылар тұрғысында статистикалық есептілік (4-АІШ нысаны) негізінде жасалған қарыз алушылардың басымдықты ауылшаруашылығы дақылдарын себуге берілген қарызды мақсатты пайдаланғандығы туралы ақпаратты ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде Ауылшарминінің аумақтық басқармасына тапсырады.

9. Қарыз берілуі мүмкін қарыз алушылардың тізбесіне (бұдан әрі - қарыз алушылар тізбесі) жұмыс тобының барлық мүшелері қол қояды және оның басшысы бекітеді. Жұмыс тобының мүшелері қабылданған шешім үшін дербес жауап береді.

10. Жұмыс тобы өтінімдерді олар түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қарайды. Жұмыс тобының басшысы бекіткеннен кейін қарыз алушылардың тізбесі 2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Корпорацияға жіберіледі.

11. Жұмыс тобы 3 жұмыс күні ішінде қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім туралы қарыз алушыға хабарлама жібереді.

12. Корпорация қарыз алушылардың ұсынылған тізбесіне сәйкес қарыз алушылармен тиісті қарыз алу шарттарын жасасады.

13. Қаржыландыру тек қарыз алушылардың қамтамасыз етуді ұсынуы шартымен жүзеге асырылады. Қарыз алу шарты және қамтамасыз ету Корпорация белгілеген талаптарға сәйкес болуы тиіс. Бұл ретте:

қамтамасыз ету сомасы қарыз сомасы мен Корпорация сыйақысының пайыздары м ө л ш е р і н д е а й қ ы н д а л а д ы ;

қарыз алушы қамтамасыз етуді шартта белгіленген мерзімде бермеген жағдайда, шартта Корпорацияның шартты орындаудан біржақты бас тартуы туралы жағдай к ө з д е л у і т и і с .

14. Қарыз алу шарты жасалғаннан және қарыз алушы қамтамасыз етуді бергеннен кейін Корпорация ақшалай қаражатты қарыз алушының ағымдық шотына аударады. Бұл ретте қарыз алушыларды жанар-жағар материалдарымен бірінші кезекте қамтамасыз ету үшін Корпорация Ауылшарминіне көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қарыз алған қарыз алушылардың тізбесін береді.

15. Қарыз алушылар алынған қарызды мынадай ауыл шаруашылығы дақылдарын: бидай, арпа, күріш, дәндік жүгері, қытай бұршақ, күнбағыс өндіруге пайдаланған жағдайда - қарызды қайтару көрсетілген дақылдардың астығымен, оны заңнамада белгіленген тәртіппен Корпорация тандап алған астық қабылдау кәсіпорындарына жеткізу жолымен не қарыз алу шартына сәйкес ақшалай қаражатпен жүзеге асырылады

. Бұл ретте жеткізілетін астықтың сандық-сапалық көрсеткіштері қарыз алу шартында көзделген талаптарға сай болуы тиіс. Астықты қабылдауға, шартта көрсетілген кондицияға дейін өңдеуге, сондай-ақ астық дақылдарының сапасын растайтын құжаттар төлеміне байланысты шығыстар қарыз алушыға жүктеледі.

16. Жеткізілетін астықтың бағасын, нарықтық құнды ескере отырып, Корпорация белгілейді. Егер де күзгі-қысқы кезеңде мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу үшін жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленетін астықты сатып алу бағасы қарыз алу шартында белгіленген бағадан жоғары болған жағдайда, Корпорация қарыз алу шартына қосымша келісімнің негізінде, көрсетілген бағалардың арасындағы айырмаға тең мөлшерде қосымша төлемді жүзеге асырады.

17. Қарыз алушылар алынған қарызды өзге ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруге пайдаланған жағдайда, қарызды қайтару қарыз алу шартына сәйкес ақшалай қаражатпен жүзеге асырылады.

18. Корпорация көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген ақшалай қаражатты толық игермеген жағдайда, Корпорация ақшалай қаражаттың қалдығын тікелей астық сатып алу үшін пайдалануы мүмкін.

19. Қарыз алушы қарыз алу шартын орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда, Корпорация ұсынылған қамтамасыз ету бойынша талап ету құқығын пайдаланады.

20. Қарызды беру мерзімін, қарызды қайтару мерзімі мен оның өзге де шарттарын Корпорация қарыз алу шартында белгілейді.

21. Облыстарда көктемгі дала және егін жинау жұмыстары аяқталғаннан кейін Корпорация Ауылшарминнің сұрау салуы бойынша көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қарыз алған қарыз алушылардың тізімін береді.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы"
акционерлік қоғамының қарыз алушыға
2005 жылғы көктемгі дала және егін жинау
жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға
арналған ақшалай қаражат беру
ережесіне қосымша

_____ облысы бойынша
қарыз беру үшін қарыз алушыларды
іріктеу жөніндегі жұмыс тобының

басшысына

ӨТІНІШ

_____ негізінде іс-қимыл жасайтын
_____ тұрғысында
(заңды, жеке тұлғаның атауы)
_____ жұмыстарын жүргізу

мақсатында _____ өндіру
сомасында қарыз беруді сұрайды.

үшін _____ теңге

Қолы _____
М. О .

Заңды мекен-жайы:

